

С. Шамахай^{1*} , М. Саркулова¹ , Г. Саркулова² 

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университеті, Қазақстан, Орал қ.

*e-mail: sh.saira@mail.ru

АКАДЕМИК ҒАРИФОЛЛА ЕСІМНІҢ «ЖАҚСЫ ҚАЗАҚ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ХАҚЫНДА

Еліміз соңғы он жылдықта мәдени-рухани құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрлерді қайта жаңғыртуға арналған көптеген іс-шаралар, стратегиялық бағдарламаларды іске асыруда. Әлемдік деңгейдегі түрлі беделді жиындардың, атап айтсақ, құрылтайлар мен форумдар, съездер мен саммиттер, дүниежүзілік көрме, спорттық чемпионаттар т.с.с. іс-шаралардың елімізде өткізілуі немесе ғалымдарымыздың тың жаңалықтар ашуы сияқты жетістіктері ел мәртебесін асқақтатып келеді. Бұл жетістіктер өз кезегінде елдің рухани тынысы мен дамуын байқатады. Олай болса, елдің рухани тыныс-тіршілігіне қуат беріп отыратын күш – гуманитарлық салада еңбек етіп жүрген ғалымдар мен зиялылар десек, артық айтпаған болар едік. Әсіресе, еліміздің жоғарғы білім ордаларында қызмет етіп жүрген зиялы ғалымдар жастардың білім, ілім алу жолында тынбай еңбектенумен қатар, ел болашағына қатысты мәселелерді дәйекті талқылап, өз ұсыныстарын жолдап жататынын жиі кездестіреміз.

Сондай жаңашыл ғалымдарымыздың бірі ретінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің философия кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА академигі Ғарифолла Есімді атасақ болады. Академик өзінің өмір бойы ойланып, толғанып, ізденіп келген ойларын жүйелеп, қазақ елінің мәңгі болуына негіз болатын «Жақсы Қазақ» тұжырымдамасын жасады. Бұл мақаланың мақсаты – академик Ғарифолла Есімнің тұжырымдамасының мазмұнын ашу. Ғалымның бұл тұжырымдамасында «Жақсы қазақ» түсінігі дәреже, имидж ретінде бағалана отырып, оған жетудің сатылары (дәулет, іскерлік, дәстүр, «Қазақ қызы», сабақтастық, Жаңаша инновациялық ойлау, «Жақсы қазақ») ұсынылған. Тұжырымдаманың тәжірибелік маңыздылығы – оның оқу-әдістемелік жағынан пысықталып, қазіргі таңда философия, мәдениеттану оқу бағдарламасының үш деңгейі бойынша элективті пәндер ретінде оқытылуында. Сонымен қатар, тұжырымдаманың кейбір сатылары академиктің шәкірттері тарапынан докторлық ізденіс деңгейінде тереңірек зерттеліп, сәтті қорғаулар жасалуы да оның мазмұнды бағыт алғанын көрсетеді.

Түйін сөздер: философия, мәдениет, идея, тұжырымдама, жүйе, шығармашылық, пән.

S. Shamakhay^{1*}, M. Sarkulova¹, G. Sarkulova²

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

²West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan, Kazakhstan, Uralsk

*e-mail: sh.saira@mail.ru

About the concept of «Zhaksy Kazakh» by academician Garifolla Yesim

Over the past decades, our country has implemented many events and strategic programs dedicated to the revival of cultural and spiritual values, national traditions and customs. Achievements such as the organization and holding of various landmark meetings, summits, kurultays, forums, congresses, the World EXPO Exhibition, world-class sports competitions or discoveries made by domestic scientists contribute to raising the status and authority of the country on the world stage. These achievements, in turn, testify to the active spiritual life of the country. It would not be an exaggeration to say that the impetus is given by scientists and intellectuals working in the humanitarian field, who not only generously share their knowledge with students of higher educational institutions of the country, but also consistently discuss issues related to the future of the country, offering their constructive proposals.

One of such outstanding scientists-innovators can be called Professor of the Department of Philosophy of the L. N. Gumilev Eurasian National University, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Garifolla Yessim. Having structured and systematized the creative searches and ideas that he had been thinking about all his life, he created the author's philosophical concept "Zhaksy Kazakh", directly related to the national idea "Mangilik El". The purpose of this article is to reveal the essence and content of the concept of Academician Garifolla Yessim. The core center of the theory is the category "Zhaksy Kazakh", considered from an image position, and seven stages of its achievement (advantage (daulet), enterprise, tradition, the idea of "Kazakh kyzhy", continuity, new inno-

vative thinking, "Zhaksy kazak)). It should be said that these seven stages have been worked out in the educational and methodological plan and are studied within the framework of the educational programs "Philosophy", "Cultural Studies" as elective disciplines. The practical significance of the concept lies in the fact that certain aspects of it have become the subject of research of the academician's students at the level of doctoral dissertations, the successful defense of which indicates the relevance of ideas a scientist.

Key words: philosophy, culture, idea, concept, system, creativity, discipline.

С. Шамахай^{1*}, М. Саркулова¹, Г. Саркулова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

²Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», Казахстан, г. Уральск

*e-mail: sh.saira@mail.ru

О концепции «Жақсы қазақ» академика Гарифоллы Есима

За последние десятилетия наша страна реализовала множество мероприятий, стратегических программ, посвященных возрождению культурно-духовных ценностей, национальных традиций и обычаев. Такие достижения, как организация и проведение в стране различных знаковых собраний, саммитов, курултаев, форумов, съездов, Всемирной выставки ЭКСПО, спортивных соревнований мирового уровня или совершаемые отечественными учеными открытия способствуют повышению статуса и авторитета страны на мировой арене. Эти достижения, в свою очередь, свидетельствуют об активной духовной жизни страны. Не будет преувеличением сказать, что импульс дают ученые и интеллектуалы, работающие в гуманитарной сфере, которые не только щедро делятся своими знаниями со студентами высших учебных заведений страны, но и последовательно обсуждают вопросы, касающиеся будущего страны, предлагая свои конструктивные предложения.

Одним из таких выдающихся ученых-новаторов можно назвать профессора кафедры философии Евразийского национального университета им.Л. Н.Гумилева, академика НАН РК Гарифоллу Есима. Структурировав и систематизировав творческие искания и идеи, над которыми он размышлял всю свою жизнь, он создал авторскую философскую концепцию «Жақсы Қазақ», напрямую связанную с национальной идеей «Мәңгілік Ел». Цель данной статьи – раскрыть сущность и содержание концепции академика Гарифоллы Есима. Стержневым центром теории является категория «Жақсы Қазақ», рассматриваемая с имиджевой позиции, и семь этапов ее достижения (благо (дәулет), предприимчивость, традиция, идея «Қазақ қызы», преемственность, новое инновационное мышление, «Жақсы қазақ»). Следует сказать о том, что эти семь ступеней отрабатаны в учебно-методическом плане и изучаются в рамках образовательных программ «Философия», «Культурология» в качестве элективных дисциплин. Практическая значимость концепции заключается в том, что определенные ее стороны стали предметом исследования воспитанников академика на уровне докторских диссертаций, успешная защита которых свидетельствует о востребованности идей ученого.

Ключевые слова: философия, культура, идея, концепция, система, творчество, дисциплина.

Кіріспе

Академик Гарифолла Есім Елбасының «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (Қазақстан Жолы, 2014) Жолдауындағы мәңгілік ел идеясын жүзеге асыру мақсатында «Жақсы қазақ» тұжырымдамасын жасаған еді. Бұл тұжырымдама академиктің мына бір сауалды ойынан бастау алады: «Адамдық құндылықтардың бәрін сараласақ, жақсы адам деген идеяға еріксіз келеміз. Сонда жақсы адамдар дегеніміз кімдер? Жақсы адам болу үшін не істеу керек? Оның арнайы жүйесі бар ма? Пайғамбарларға түскен төрт кітап ережесінен басқа мықты кодекс бар ма? Әрбір дін жақсы адам тәрбиелеуге өзінше тырысады. Қырып жоюға, өлтіруге, қиянат жасауға,

алдауға қарсы. Бәрібір нәтижесінде біздің қоғам «Адам адамға қасқырлығын» (Гоббс) қояр емес. Адамзатта адамды тәрбиелейтін әмбебап құралымы, жүйелері, кітаптары, діндері болса, неліктен біз ХХІ ғасырда осындай соғыстық, қырғи қабақтық жағдайға келіп отырмыз? Нақтырақ айтсақ, біздің осыған дейін оқып келген немістің классикалық даналығы неге бізді осындай жағдайға алып келді? Демек, біз бір нәрсені дұрыс жасамай тұрмыз!... Академик өзін мазалаған осы мәселенің шешімін Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» – (Абай, 2005:37) деген принципінен тауып, бұл сөзді барша адамзатқа ұсынып тұрған өркениет үлгісі екенін айтады. Неге осы қағиданы Абай айтты? Европалықтардың айтпағаны қалай? Олардың

Абай сияқты адамзаттың бәрін сүю, бауырындай қарау қағидасын ұсынбағанына қарағанда европалықтардың евроцентристік көзқарасы, тәкаппарлығы басым болғаны ма? Әрине, неміс философы Кант адамзатты төртке: европалық, азиялық, африкалық және жабайылар – деп бөле тұрып «Адамзаттың бәрін сүй» деп айта алмас еді» – деп қорығады. (Шамахай С., Саркулова М., 2021).

Шын мәнінде адамзаттың бәрін сүю жұмыр басты пенденің қолынан келмейді, бұл тек Жаратушының, Хақтың ісі. Ал Жаратушының, Хақтың ісін тану, көру, халыққа ұсыну – тек данышпанның ісі. Бұл «Жақсы адам» тұжырымдамасында «жаман адам» деген мүлде жоқ. Дүниеде надан адам болса да, жаман адам болмайды. «Жақсы», «жаман» деп бөліп ойлаудың өзі қате. Бұндай ойлау үрдісі тек Гегельдің идеалистік философиясына, Маркстің материалистік диалектикасына тән әдіс екендігін (Есім Ғ., 2016) айтқан болатын.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақ Елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» («Мәңгілік Ел», 2016) деген ой айтқан. «Мәңгілік Ел» ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Елдің мәңгілігін армандау – асқақ идея. Әрбір жеке адамның ғұмыры өлшеулі болғанымен, ол ұрпағымен мәңгілік. Олай болса, бұл болашаққа бастайтын, келешекке деген нық сенім қалыптастыратын идея. Сонымен бірге қазақ елі мәңгілік деу ұрпақтар алмасуына, олардың сабақтастығына, солармен бірге халықтың табиғи құндылықтарының жасампаздығына деген сенім.

Әлем халықтарының өркениеттік үрдістерін қабылдай білу және соған бейімделе отырып, елдік құндылықтарымызға жаңа сапалық өріс ашу, соның нәтижесінде әлемдегі өркениетті елу елдің қатарына ену – алдағы басты міндетіміз болуға тиіс.

Орталық Азияны мекен еткен көшпелі халықтардың рухани, мәдени құбылысын уақыт және кеңістік тұрғысынан алып қарасақ, олардың дүниетаным жолында ортақ үлгілер жасап, кейінгі ұрпаққа мәдени сабақтастық орната білгендігімен, түркі тілдес халықтардың біртұтас этникалық мәдениетін орнықтыруымен ерекшеленеді (Шамахай С., 2020:13).

Кез-келген ұлттың міндетті түрде бір қауымға, саяси, қоғамдық жүйелерге қатысы болады. Сонда жақсы қазақтың қандай бағыты, бағдарламасы болу керек? – деген сауалға академик былай жауап береді: біріншіден, жақсы қазақ түрікшіл болу керек. Бүкіл түріктік құндылықтарды бойына сіңіріп қабылдай алатын қасиеті, қазіргі технологиялық жарыстағы озық үлгілерді қабылдай алатын түрікшілдік керек. Адамдық тұрғыдан қазақ бір арнамен жүру керек. Су өз арнасымен аққан жағдайда өзен деп аталады. Сол сияқты қазақтың арнасы түрікшілдік болу керек. Екіншіден, жақсы қазақ – міндетті түрде мұсылман немесе мұсылмандық позицияда болғаны дұрыс. Мұсылмандық құндылықтардың бұрынғы түріктік әдеби таныммен ежелден байланысы бар, қазақтар үшін еш оғаштығы жоқ. Ата-бабаларымыздың өмір сүру тәжірибесі, бүкіл біздің мәдениетіміз мұсылмандық құндылықтармен біте қайнасқан. Біз бұлардың бәрін ысырып тастап жақсы қазақ бола алмаймыз. Сондықтан біздің кетпейтін екі сара жолымыз бар. Ол: түрікшілдік жол мен мұсылмандық жол. Ел имиджін көтеру үшін жақсы ниетпен еңбектену керек, әрдайым жаңаны табуға тырысу керек. Бұлардың бәрін қосқан кезде жақсы қазақ ұғымы қалыптасады. Жақсы қазақ атансақ, еліміз мәңгі болады – (Шамахай С., Саркулова М., 2021: 124).

Академик Ғарифолла Есімнің философиялық еңбектері қазақ рухани кеңістігінде кеңінен танылған. Ғалымның философиялық жаңашыл ой-толғамдарын, қоғамдық белсенділігін әсіресе, 1994 жылдан осы кезге дейін жыл аралатып жарық көретін «Сана болмысы» атты кітаптарынан байқауға болады. Автор бұл кітаптарында әрбір екі жыл аралығында Қазақ елінде өтетін айтулы оқиғалардың қоғамға, жеке адам санасына ықпалы, әсерлері, сананың өзіндік өзгерісі туралы баяндайды. Бұлардан өзге қазақ философиясының тарихы мен теориясын әлемдік ойдың кеңістігінде зерттеуге арналған «Хәкім Абай», «Абай туралы философиялық трактат», «Книга слов» кітаптары, қазақ философиясының лексикасы туралы: «Адам-зат», «Қазақ философиясы», «Метафизика человека», «Саяси философия», «Қазақ Ренессансы», «Философия независимости», «Түрік ойшылдары» аты кітаптары, сондай-ақ, «Фалсафа тарихы», «Қазақ философиясының тарихы», «Дінтану негіздері» (авторлар ұжымы) оқулықтар мен оқу құралдары бар. Ал көркем философиялық жанрда жазылған шығармалары ретінде «Санадағы

таңбалар», «Жар жағасы», «Прошлое в настоящем», «Социализм: кінә және күнә туралы роман», «Ақ өлең – аққулы мекен», «Тұлғалар қаламгерлер», «Ғұлама-наме», «Мұң» т.б. еңбектерін айтуымызға болады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Академик Ғарифолла Есімнің мазмұны терең дәрістері, шығармалары, еңбектері, ғылыми семинарлары, сұхбаттары және «Жақсы қазақ» тұжырымдамасы қазақи болмыстың еркін өркендеуіне, елдегі болып жатқан түрлі саяси-әлеуметтік мәселелердің оңтайлы шешілу жолында маңызы зор. Бүгін де Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Философия және әдеп», «Мәдениеттану» оқу бағдарламалары бойынша студенттерге және магистранттарға академиктің «Жақсы Қазақ» тұжырымдамасы өзінің сатылары: Дәулет философиясы, «Іскерлік философиясы», «Дәстүр философиясы», «Қазақ қызы идеясы», «Сабақтастық философиясы», «Жаңаша-инновациялық ойлау философиясы», «Жақсы қазақ» бойынша элективті пәндер ретінде оқытылуда.

Мақаланың мақсаты: академик Ғарифолла Есімнің «Жақсы Қазақ» тұжырымдамасының мазмұнын ашу. Сонымен қатар, академиктің ойтолғамдарына сүйене отырып, тұжырымдаманың әрбір сатылары бойынша кеңірек талқылау, түсіндіру болып табылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада академик Ғарифолла Есімнің Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне келіп қызмет жасағаннан бергі ойтолғамдары ғана пайдаланылып отыр. Ғалымның философиялық түрлі мәселелер бойынша ойтолғамдарының ауқымы кең, жазбалары, еңбектері көп болғандықтан бәрін бір мақалада қарастыруымыз мүмкін емес. Сол себепті бұл мақалада академиктің жасаған «Жақсы қазақ» тұжырымдамасын ғана талқылап отырмыз.

Өткен қоғамда өмір сүріп, тәуелсіздікке есейіп жеткен ғалымның еңбектерінде болсын, әңгіме сұхбатында болсын, оның ескі мен жаңа қоғамға берер бағасы, адамдық мәселелер туралы пікірлері, пайымдары оқырманды ойландырмай қоймайды. Өзіндік үлгісі бар, әрдайым жаңа идея ұсына білетін ғалымның әрбір еңбектерінің орны ерекше. Академик әсіресе қазіргі әлемдік

дағдарыс заманындағы ел болу, қазақ болу, адам болу, өркендеу, ойдың тәуелсіз болуы және олардың механизмдері жайлы жаңа идеяларымен үнемі әріптестерімен, шәкірттерімен, БАҚ, әлеуметтік желі арқылы халықпен ұдайы бөлісіп отырады. Сондықтан да, бұл мақалада ғалымның ой-тұжырымдары бойынша «Жақсы Қазақ» тұжырымдамасының негізгі мәселелерін жалпы гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын жалпыдан жекеге өту, пәнаралық, тарихи-логикалық, герменевтикалық тәсілдер қолданылды.

Нәтижелері және талқылама

Академик Ғарифолла Есімнің тұжырымдамасындағы «Жақсы Қазақ» деген кім? Жақсы қазақтың тұлғалық қасиеттері болуы керек? Академик өз тұжырымдамасында «Жақсы қазақ» ұғымын ел имиджі, Қазақстанның болашағы туралы идея тұғырына жеткізді. Сонымен қатар, «Жақсы Қазақ» дәрежесіне жетудің жеті түрлі сатысын ұсынды. Бұл жеті сатының мазмұнына кеңірек тоқталсақ:

Бірінші саты. Байлыққа, дәулетке деген ұлттық оң көзқарасымызды қалпына келтіру. Қазақ данышпан халық. Қазақтың ұлттық дүниетанымында ежелден байлыққа деген оң көзқарасты ынта болған. Ең бергісін айтсақ, қазіргі қазақтардың жеті атадан бергі кісі есімдерінің көбі «бай» деген сөзден құралған. Жалпы «бай» деген кім? Ол қазақ дүниетанымында мал саны артқан, еті тірі, іскер, ойы сұңғыла табиғатынан ерекше бақ, құт қонған адам. Әр ауылдың ауқатты адамы немесе байы болған. Ол – ел қамқоры. Ол күллі ауыл, аймағына, жұртына жұмыс беруші, қазіргі лексика бойынша бизнесмен, кәсіпкер, креативті тұлға. Ауылдың жетім-жесірінен бастап әлеуметтік көптеген сұрақтар сол ауылдың байының назарында, себебі олар бір жағынан туыстар болса, екінші жағынан еңбек адамдары. Еңбекпен тәрбиелеу байдың жұмысы. Батыр да, би де осы байдың төңірегінде. Ауыл ауылдың ақсақал – қарасақал, яғни кісілікті адамдар да осы байдың ықыласында болған. Бұл ауыл демократиясы.

Дәстүрлі қазақ қоғамында экономикалық мәселе рухани байлықпен тығыз байланысты болды. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» – деген асыл сөзбен түйінделген. Бай сөзі қазақ санасында денсаулық, іскерлік, ауқаттылық, билік, хандық, султандық, жомарттық, мырзалық, бектік т.б. жоғары игіліктерге сай ұғымдармен бірге қабылданады.

Сондықтан да, қазақтар балаларына осы жоғары игіліктерге жетсін деген арман-тілекпен Абылайхан, Құнанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай, Қарабай, Сарыбай, Дәулетхан, Сұлтан, Бек, Бет, Мырза, Жомарт деп ат қойған.

Қазақтардың байлыққа деген көзқарасын экономикалық теория тарихындағы XVIII ғасырда француз ғалымдары Франсуа Кенэ (1694-1774) мен Анн Тюрго (1727-1781) негізін салған саяси-экономикалық ағым – физиократтармен (физис-табиғат, кратос-өкімет) жақын қарастыруға болады. Физиократтар мектебінде өндіріс ретінде ұлттық табыс әкелетін ауыл шаруашылық саласы ғана мойындалып, басқа экономиканың салалары (өнеркәсіп, сауда, т.б.) «өнімсіз» деп саналған.

Байлықты тек өзінің ғана жеке еншісі санаған байларды халық сынап, әжуалап «қарынбайлар» деп атаған. Хакім Абай пейілі кедей байсықтар деген. Мұндай байлар елге иелік ете алмайтындар қатарында. Дей тұрғанмен, халықта «жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы» – деген сөз бар. Бұл қазақ халқының дүниетанымында байлыққа деген оң көзқарастың ежелден нық қалыптасқандығының көрсеткіші.

Тарихқа көз жүргірсек, Ұлы Даладағы экономикалық ойдың дамуының маңызды орны XI ғасыр – ерте ортағасыр кезеңіне тиесілі. Әсіресе, ислам дінінің таралуынан түрік тайпалары мен мемлекеттерінің материалды және рухани даму деңгейі жоғарлады (Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С., 2018:25).

Түрік империясындағы әскери, сауда-экономикалық байланыс пен тауарлық-ақшалай қарым-қатынастың күшеюі, Ұлы Жібек жолының жағымды транзиттік географиялық орналасуы т.с.с. материалды өндіріс саласының таралуымен бірге ғылым мен мәдениет те гүлденді. Барлық еуразиялық кеңістіктің маңызды бөліктерінде көне түрік тілі кең таралды. Бұл жетістік өз кезегінде көптеген түрік ғалымдары мен ойшылдарының өз туған тілінде ғылыми және әдеби еңбектер (сөздіктер, трактаттар) жазуына түрткі болды. Әсіресе, XI ғасырда жазылған іргелі шығармалардың бірі – Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны. Бұл дастан түркі тілдес ұлттардың және қазіргі қазақтың рухани алтын қазығы. Дастан төрт асыл қасиеттердің сұхбатынан құралған: Әділет (Күнтуды Елік), Дәулет (Айтолды), Ақыл (Өгдүлміш), Қанағат (Одғұрмыш). Жүсіп Баласағұн туған тілін, анығында көне түрік тілін дамыту арқылы көне түрік мемлекетінің болашақта өркениетке жететінін

жазған. «Ей, кітапты қабыл алып қарарсың, Түркі тілі ғажабына қанарсың. Оқып қара, кітап ұнар баршаға, ...Шахтар оқып, артар құрмет, беделі!» (Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн, 2006: 68) – «Ата сөзі, ұқсаң – құттың көзі ғой» (Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн, 2006:94)– деген.

Американдық философ Дэниел Хаусман: «Өткеннің ақылын оқулыққа жасақтауға болмайды, ал түпнұсқалық мәтіндер – тарихшы, интеллектуалдардың барлық нақты шегі емес. Философиялық мәтіннің мәнді құндылығы сол мәтіннің өз кезеңінде ие болған интеллектуалды тұрғыдан, сонымен қатар авторлық аргументацияның ерекшеліктерінде маңыздылыққа ие... Кімде-кім экономика ғылымының әдіснамасын нақты анықтағысы келсе алдымен, оның тарихына үңілуі керек» – (Философия экономика, 2012:10) деген екен. Олай болса, XI ғасырда жазылған асыл мұраларымыздың өзінен осы күнге дейінгі небір экономикалық теориялардың толықтыра алмаған игілік, ізгілік заңдылығына бағынған құнды идеяларды кездестіруімізге болады.

Өткен ғасырда қазақ халқы байлыққа деген дүниетанымынан біршама ажырап қалғаны белгілі. Коммунизм билік құрған заманда мақсат өзгеше болды. Байлыққа, бай адамдарға деген теріс пиғылды, оның саяси идеологиялық жағын Карл Маркс т.б. ілім ретінде көтеру себебінен ақыры кедейлер революция жасады. Бай болу – кінәлі болу. Болшевиктер байларды тап ретінде қырып-жойып, кедейлер қоғамын құрды. Кедейлік сананы жайлап, жұрт коммунизм құру деген мақсатпен идеология шырмауына түсіп әбден тарықты. «Тұқымыңда бай, молда болды ма» деген тергеу жүргізіліп, көптеген азаматтарға ата тегін жасыруға тура келді. Көркем әдебиет тәрізді халықтың рухани сусындайтын ақпарат көздері арқылы байлықты, бай адамды әжуалайтын, сарандықпен байланыстыратын сана қалыптастырды.

Дені сау адам байлықтың басында тұр. Өйткені, «Бірінші байлық – денсаулық» – дейді, қазақ. Бай болу деген сөз қазақта біраз ұғымдарды: ырыздық, нәсіп, ризық, береке, молшылық, құт, т.б. бірге қамтиды. Мақсат: байлық дәулетке айналуы керек. Байлықтың өз заңдылығы бар. Байлық алыс-беріс қозғалысына түспей, бір орында шоғырланып тұра берген жағдайда өздігінен өрісі кеңеймей, босқа жоғалады. Бұл процесті байырғы қазақтар жақсы білген. Расында да, халықтың ешкімге пайдасы жоқ сараң байларды «шіріген бай» деп атауы тегіннен

тегін емес. Егер ол байлық ізгілікке жұмсалатын болса өрісі кеңейіп, дәулетке айналады. Ол үшін байлық ізгілік жолына жұмсалуды керек. Ізгілікке (білім алуға, мұқтаждарға көмекке, т.б.) жұмсалмаса байлық жақсылыққа бастамайды. Егер байлық ізгілікке жұмсалса, жан жомарттығы жасалса, дәулетке айналып, жақсылыққа бастайды.

Академиктің пайымдауынша, байлықтың дәулетке айналу жолы, негізгі принциптері – мейірімділік, ізгілік. Осы жолдар ғана оны дәулетті, құрметті адамға айналдырады. Ізгі адам өз өмір жолында елдің азаматы, ел ағасы, ел ақсақалы, жақсы адам, жақсы қазақ болады. Ол үшін сананы байытуымыз керек. Сананың бай болуы байлықтың өзегі. Кеңестік замандағыдай байлықты сараңдықпен емес, керісінше жомарттықпен байланыстырып, бұрмаланған ұлттық дүниетанымды қалпына келтіріп, оған қуат беруіміз керек.

Екінші саты. Іскерлік. «Бірінші байлық – денсаулық» дегендей, дені сау адам байлықтың басында тұр дедік. Сонда қазақтың бұл сөзі денсаулық болса байлыққа ары қарай жетуге мүмкіндік аласың дегенді меңзейді. Қазақ «кештік өмірің болса, түстік мал жина» деп бай, ауқатты болуға әрекет жасап, ұмтылып келген. Олай болса, байлықты өз қолымен жасауға адамның іскерлігі болуы керек. Бұл алғышарт. Байлық жасаумен айналысқан адамның ісі мемлекеттің қолдауымен, заңның шеңберінде болуға тиіс. Өйткені, байлықтың заңсыз түрін «көлеңкелі байлық» дейміз.

Іскерлік – адамның қасиеті және қабілеті. Басы-артық қажетсіз істермен шұғылдану – социалистік қоғамнан қалған мұра. Сондықтан прагматизм философиясы қажет. Іскерлік балабақша, орта білім мекемелері, жоғары оқу орындарындағы білім стандарттары арқылы негізделмек.

Білім байлыққа апаратын негізгі жол болу керек. Дүниеде білім көп, білімді адам көп. Кеңестік дәуірде халық жаппай сапалы білім алып келді, бірақ білу болмады. Мысалы, бала орта мектепте барлық ғылымдардың негізін оқып келді. Ол физиканың барлық заңдылықтарын біледі, бірақ соны білген бала тоқтың тізбесін қоса алмайды. Яғни, білім бар, білу жоқ болды. Білу деген технологияның басы. Бізде технология қалып қойды, өйткені, білім болса да, білімнен пайда шығаруды білмей қалдық. Жоғарғы оқу орнын бітірген әрбір студент: «Мен 100 пайыз мектеп бітірушілердің арасында оқуға түскен 5, 10

пайызының өкілімін. Қалған 90 пайызы оқуға түсе алмай қалып қойды. Оларға кім жұмыс береді? Оларды менен басқа кім ойлайды?» – деген ойда болу керек. Өзінің замандастарына жұмыс беруші болу керек. Неге? Өйткені, ол жоғарғы оқу орнында таңдаған саласы бойынша арнайы пәндерді тереңінен оқыды. Әрине, бұл үшін білім жүйесі осыған байланысты бағыт алуы керек. Іскерлікті дамытатын пәндерді көбірек оқыту керек.

Сонымен қатар, іскерлік жайында мәдениеті озық халықтардың әдетінен үлгі алуға тиіспіз. Мысалы, тойға сағат 5-ке шақарылса да 7-де келетін қазақтар бар. Осы кешігіп жүретін адамдар іскер адамдар емес. Себебі олар уақытты бағаламайтындар. Уақыт аса қымбат. Егер Германияда шақырылған уақытта дәл бармаса немістер бұл қылықты түсінбейді, ол адаммен сөйлеспей, көрмей кетеді. Бұл неміс халқының уақытты бағалай білгені. Сонысымен де Германия әлемдегі озық елдердің қатарында тұр. Қолаяғы аман, денсаулығы жақсы жастар жұмыссыз жүретін әдет бар. Жұмыссыз жүру ешқандай ақылға симайтын сылтау. Өйткені, біздің елге қаптап келіп, жұмыс істеп жүрген шетелдік адамдар бар. Бұл әрине ешқандай іскерлікке, адами тіршілік жасап, алға басуға, ілгерілеуге, талпынуға жатпайтын қасиет.

Үшінші саты. Ұлттық код – дәстүрді сақтау мәселесі. Дәстүрсіз ешбір халық ел болмайды. Дәстүр ұлттымыздың ұзақ ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық болмыс пен мәдени құндылықтар жүйесіне ұласқан бөлігі.

Л.Н.Гумилев дәстүр туралы: «нақты этникалық толықтықты біз динамикалық жүйе ретінде тек ғана адамдарды ғана емес, сонымен қатар, ландшафт, мәдениет, дәстүр, көршімен қарым-қатынасты қосумен анықтай аламыз. ...Дәстүрліліктің бірнеше жіктемелері бар және егер барлығымызға белгілі этностарды консервативтілік деңгейінің кемуі бойынша орналастыратын болсақ, онда ол «нөлдік» деңгейде» болады, яғни салт-дәстүрдің жоқ жағдайы, ешбіреуі этносқа жетпеген болар еді, немесе ол көршілерінің арасында жоқ болып кетер еді (Гумилев Л.Н., 2019: 103, 121) «Салт-дәстүр ғалымның, жоғары білікті маманның қызмет сипатын анықтай отырып, ғылымның берік «қанқасын» жасақтайды» (Смирнов И.П., 2002: 124).

Дәстүр мен жанашылдықтар үнемі өзара тығыз байланыста үйлесіп отыруы қажет. Біз дәстүрді жоғалтып алсақ, ел болудан қаламыз.

Қазақты ұлттық дәстүрінен түбегейлі айыруға Кеңес Үкіметі кезінде барлық жағдайлар жасалды. Ең бірінші қазақ боп өмір сүру, қазақтың дәстүрі архаизм, діні зиян болып есептелінді. Байлар, молда, көзі ашық зиялылар халықтың жауы деген атаққа илінді. Қазақ болып емес, жаңа Совет адамы болып өмір сүру керек болды. Коммунистік мораль деген тап өкілін, мысалы байды атып тастаса, осы коммунистік мораль деп есептелді. Баласы әкесін ұстап берсе, жақсы комсомол болды деп есептелді. Бұл нағыз қанышерлік, фашизм болатын. Жалпы «әке» деген идеологиядан, саясаттан биік ұғым. Қазақ үшін әкеге қарсы шығу бүкіл адамдық жүйеге қарсы шығумен бірдей. Әкеден асқан құндылық жоқ. Барлық дұрыс халықта бұл солай. Бірақ коммунистік жүйеде әкесін өз баласы «Халық жауы» деп айдатып жіберсе, онда ол жақсы адам, нағыз коммунист. Осылайша, қазақтың дәстүрлі құндылығын бұзуды бастады.

1 Дәстүрлі дүниетанымның маңыздылығы туралы қазақ зерттеушісі А. Ғалиев: «Біз егер жүйені қалпына келтірмесек, қазақ тарихын түсіне алмаймыз. Оны түсіну және қалпына келтіру өз кезегінде дәстүрлі дүниетанымды құраушы әртүрлі элементтерді түсінуге мүмкіндік береді» – дейді (Ғалиев А.А., 1997).

Құндылықты тарихи жадыда сақтау халықтың ұлылығы. Мысалы, Майя өркениетінің тарихы жадыда сақталмағандықтан, кейінгі ұрпақтарынан бірде-бір адам білмейді. Бұл жерде тарихи жады деген бар. Адамзат жады тарих сахнасында не жойылып кетеді, не жойылмайды. Жойылмауға не әсер етеді? Әрине дәстүр әсер етеді. Егер елде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын дәстүрі болса, сол мемлекет, сол халықтың басшылары мен көсемдері мүдделі болатын болса, құндылықтар жүйесі бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беріліп отырады. Ал егер ондай мүдделілік болмаған кезде, әр ұрпақтың құндылығы келесі ұрпаққа дейін жойылып кетеді. Әр ұрпақтың, не буынның құндылығы деген сөз – ол адамзаттың сол ұрпаққа дейінгі жады. К.Юнгтің айтып отырған архетипі сол бүкіл адамзаттың дәстүрмен жалғасқан жады.

Әлем халықтарының дәстүрлеріне үніліп қарасақ үлгі тұтарлық ұлағаттар аз емес. Үлгілі салт-дәстүрі, тәртібі бар елдердің экономикасы да өркендеп, әлемге үлгі көрсете бастаған. Дәстүрге бай елдің бірі өз еліміз. Біздегі үлкенді сыйлау, жесірін, жетімін жатқа телміртпеу, біреудің ала жібін аттамау, жақыныңды жат қылмау, таспен атқанды аспен ату, таза жолмен

жүріп, енбек ету, отаныңды, туған жеріңді, ұлтыңды, тіліңді, діліңді, дініңді сатпау, ар ұялар іс қылмау тағы басқа толып жатқан ізгілік, өнеге жолын айтуға болады. Дәстүр дегеніміз – ата-бабамыздың бізге қалдырып кеткен мол мұрасы, қазынасы, қағидасы, ережесі, шексіз байлығы. Дәстүр өзгереді. Бірақ біз оның дәнін, нәрін сақтап қалуымыз керек. Біз сонда қазақ боламыз.

Әрбір мемлекет өзінің ұлттық дәстүрінің негізінде көркейіп дамиды. Мемлекет ретінде айшықтайтын ерекшелігі де – дәстүр. Олай болса, әлемдік озық мәдениетті біз тек ұлттық мәдениет арқылы қабылдауымыз қажет. Қазақ мәңгі, іркелі ел болу үшін өзінің ғасырлар бойы сұрыпталған, дәстүрін, мәдениетін, ділін, тілін және дінін сақтай білу керек.

Төртінші саты. «Қазақ қызы» – құндылық. Мәңгілік ел болашағы тікелей ел өсіміне, демографияға қатысты. Ал ел демографиясы әйел қауымына тікелей байланысты. Отбасындағы ардақты құндылық – қыз бала. Қыз баладан асқан халықта құндылық жоқ. Қазақтың «Қыз өссе – елдің көркі» деген сөзі негізгі дүниетанымына айналған. «Қызға қырық үйден тиым» деп қоғамда қыз баланың тәлім-тәрбиесіне, жағдайына ерекше көңіл бөліп келген. Қоғамда қарап отырсақ, әйелдер, көп балалы аналарды қорғау мәселесі көтеріледі де, қыз бала мәселесі ұмыт қалған. Сондықтан да басты құндылықтардың бірі – «Қазақ қызы». Ол – болашақ келін, болашақ ана. «Ұл – орнындағы ту, қыз – ұшатын аққу» – дейді халық. (Қазақ мақал-мәтелдері, 2019).

Кезінде аналар бір рулы елдің атын шығарған, ел билеген. Мысалы Тұмар ханым (Томирис), Айша бибі, Домалақ ана, Айпара ана, Айғаным ханым, Абақ керей, Жанбике, Мұрын, Жеті-Момын тағы басқалар. Кешегі Отан соғысында Әлия мен Мәншүк бастаған қазақ қыздары ерліктерімен әлемді өздеріне қаратқан. Тағы да, өзіміздегі «Желтоқсанда» кей жігіттеріміз бұғып қалғанда, ағаларымыздың біразы аузын аша алмай тұрғанда қазақ қыздары алдыңғы сапта жүргенін әлі ешкім ұмыта қойған жоқ. Бүгінде біздер қыз баланың ағасы жоқ – дейміз. Неге?!.. Өткен ғасырдағы классик жазушы Мұхтар Әуезов қыз бала мәселесін өзінің «Қорғансыздың күні» шығармасында көтеріп кеткен болатын. Қоғамда қыз бала үлкен көмекке зәру. Ұлттың ұлт болып сақталуы қыз баланың тәрбиесіне, оның мақсат-мүддесіне тікелей байланысты. Қоғамда қыз бала ешкімнен жәбір көрмеуі тиіс. Сондықтан басты мәселе – қыз баланы қорғау. Бұл қорғаудың жетіспеушілігі себепті материалдық жағдайын

түзеу мақсатында басқа ұлт өкілімен неке қию, шетелден оралмай қалу, тұрмыс құруға асықпау, тұрмысқа шығуды маңызды санамау, жұмыс, карьера қуу т.с.с. көрініс береді. Нәтижесінде қазақ санының өсуі баяулайды.

Бесінші саты. Сабақтастық мәселесі. Сабақтастық дегеніміз құндылықтардың кейінгі ұрпаққа берілуі деген мағынаны беретін ұғым. Мәңгілік ел болу үшін тарихи жадыны, дәстүрді бір ұрпақ ары қарай келесі ұрпаққа бере алатын сабақтастық сақталуы керек. Сабақтастық үзілсе, осыған дейін келе жатқан ұрпақтардың сабақтастығы суға кетеді. Ұрпақ жасы отыз жас десек, осы отыз жастың ішінде үш ұрпақ өмір сүреді. Ата ұрпақ, Әке ұрпақ, Немере ұрпақ. Сабақтастықтың негізгі факторы ата, ұл, немере болып табылады.

Кеңес үкіметі тұсындағы адасқан ұрпақтың орнын Қазақстанның тәуелсіздік аясында дүниеге келген тұтас «таза» ұрпақ алмастыра бастады. Тәуелсіздік заманында үш буын қалыптасты. Олардың ерекшелігіне тоқталсақ: 1. 35-50 жас, тәуелсіздіктің бірінші толқыны. 2. 28-31 жас аралығы, тәуелсіздіктің құрдастары. 3. 19-21 жас аралығы, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында туылғандар. Бұлар саны жағынан көп, сапасы жағынан жоғары.

Тәуелсіздік заманында дүниеге келген бүгінгі ұрпақты жаңа құндылықтар, жаңа ақпараттар, жаңа қажеттіліктер күтіп отыр. Бұл ұрпақ біздің күшіміз, біздің болашағымыз! Демек, бір кезде адасқан ұрпақ категориясына қарсы тұратын тұтас ұрпақ категориясы қалыптасты.

Ата буын және немере буын арасы 40-50 жыл аралығын қамтиды. Арасындағы рухани-тарихи тәжірибені ата буын беріп, немере буын қабылдауы керек. Әңгіме қалай қабылдайды?

Ал осы құндылықтарды қалай береміз, қалай өзгертеміз, олар құндылықтарды сақтайды ма, сақтамайды ма? Немереге қандай құндылықтар беріп отырмыз? Мүмкін күні өтіп кеткен құндылықтар ма, әлде уақыт өтсе де қасиеттілігін жоғалтпаған әмбебап құндылықтар ма? Оны қалай анықтауымыз қажет? Бұл сұрақ үлкен. Оны анықтайтын қазіргі заман жастары.

Ұрпақтардың тарихи-мәдени мұралары, тәжірибелері халық ауыз әдебиетінде, мақал мәтелдерде, жыраулар мұрасында, бабалар сөзінде сақталған. Бірақ, неге үш ұрпақты бірге айтып отырмыз. Өйткені олар осы бүгін өмір сүріп отыр. Бір отбасы қай заманда болмасын үш ұрпақты қамтыған. Бұл сабақтастық деген сөз. Үшеуі дискурс жасайды. Ұрпақтар дискурсы. Жоғарғы ата буын кіші яғни немере буын үшін

маңызы өте зор. Ал орта аға буын әлі кемеліне жетпеген буын.

Ел бірлігі әсіресе, осы үш ұрпақтың арасындағы сабақтастықта болуға тиіс. Бірақ бүгінгі мәдениеттің инновациялық дамуының нәтижесінде осы сабақтастық қаншалықты сақталып отыр? Бір отбасында дастархан басында отырған ата, әке, немеренің арасында ортақ әңгіме өрби ала ма? Бір-бірін түсіне ме? Осы тұрғыдан қарасақ, құндылықтардың атадан әкеге, әкеден немереге өту сабақтастығы үлкен мәселе. Құндылықтар сабақтастығын өзінің бойынан өткізу қазақтың жақсы қазақ атануының биік дәрежесі. Бұл сабақтастықтың мәні ел бірлігі деген ұғымды білдіреді. Буындар арасындағы сабақтастық сақталуы керек. Бұл – ел бірлігінің негізі. Сабақтастық дәстүрмен келеді. Қазақ болу, халық болу сабақтастықтың нәтижесі.

Алтыншы саты. Жаңаша, инновациялық ойлау. Ойлаудың үш түрі болады. Ескіше, жаңаша, инновациялық. Ешқашан мағынасы, мәні өзгермейтін әмбебап ойлау жүйелері бар. Олар сонау атам заманда қалыптасып, ғасырлар бойы ұрпақтармен бірге жасасып, біздің заманымызға да келіп жеткен жаңаша ойлаудың үлгісі болып отыр.

Инновациялық ойлау дегенне? Инновацияның негізгі мағынасын алғанда жаңаша ойлау деген сөз, бірақ жаңаша ойлаудан өзгешелігі бұл аналогы жоқ ойлау, бұрын болмаған ойлау. Инновациялық ойлау негізінен ғылымға әсіресе, технологияға қатысты. Мысалы, инновациялық ойлау нәтижесінде бір өнертапқыш дүниеде болмаған бір технологиялық жаңалық ойлап табады. (Мысалы, APPLE-ді ойлап тапқандай). Сол сияқты ешқандай жерде болмаған, үлгісі жоқ, жаңа технологиялық жаңалық әкелуді инновациялық ойлау дейміз. Бұл инновациялық ойлау қазақ елі үшін өте қажетті мәселе. Мәңгілік құндылықтар жаңа заманда сай түрленіп шығуы керек. Мәселен, адамның ар-ожданы мәселесі. Алдағы күндері еліміздің саясатында ар болуы үшін, болашақ мамандар елін, жерін, ұлтын сүйген азамат болып қалыптасуы үшін бұл мәселені де пән ретінде оқыту керек. Яғни, оның негізінде мәңгілік құндылықтардың жаңаруы (ренессанс) жатыр. Біз Инновациялық ойлауға жеткен кезде бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енеміз, ары қарай асамыз.

Жетінші саты. «Жақсы қазақ». Жоғарыда айтылған алты саты қазақты «жақсы қазақ» деген дәрежеге шығарады. Ол біріншіден, туған еліне, ата-мекеніне, туған тіліне, отанына деген ниеті адал болу керек. Екіншіден, оның ісі жақсы болу

